

Еркемайдың еркелері топ жарды



Ш.Ералиев ауылдық мәдениет үйі жанынан 2018 жылы «Еркем-ай» би тобы құрылған болатын. Би тобының жетекшісі Жезқазған қаласындағы Жезқазған музыкалық колледжін «Әлеуметтік мәдени қызмет және халық шығармашылығы» бөлімін тәмамдаған А.Ж.Көпбосынова. Өнер саласында алғашқы қадамын сол жылы

Жезқазған қаласында «Еркем-ай» би тобын ұйымдастырып, Астана қаласындағы халықаралық чемпионат «Kings of dance» қатысып, III орынды иеленген Ақерке «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен ауылға келіп, би тобын ұйымдастырды.

Содан бері би тобының жетістіктері көп. 2019 жылы Алматы қаласында өткен «Қазақстан үміті» республикалық жас өнерпаздар байқауында II дәрежелі лауреаты, Қарағанды қаласында «Шок жұлдыз» республикалық жас өнерпаздар байқауында II және I дәрежелі лауреат, Шымкент қаласында «Күзгі ырғақта» республикалық жас өнерпаздар байқауында II және III дәрежелі диплом, Қарағанды қаласында «Ұлы дала әуендері» халықаралық фестиваль конкурсында бас жүлде, I орын, II орын иегері, 2020 жылы Қарағанды қаласында «Нұрталап - 2020» республикалық өнер байқауында бас жүлде және I орын иеленіп, Мәскеу қаласына жолдама алды. 2023 жылы Ұлытау облысының ұйымдастыруымен «Ulytau fest» жобасында 72 би тобының ішінен орта топ I орын, үлкен топ I орын, жеке соло биден Мыңжан Сәнім I орынды иеленді. Көптеген байқаулардың лауреаты атанған «Еркем-ай» би тобының жеңісі Ақерке Жанболқызының орасан еңбегі.

Болашақта Жаңаарқаның атын шығаратын өнегелі өнер иесі болатынына зор сенім білдіреміз. «Еркем-ай» би тобы өнер көгінде биіктерден көріне берсін, қанаттарыңыз талмасынжас өнерпаздар!

Г.Ж.Ахметбекова,

Ш.Ералиев ауылдық кітапханасының кітапханашысы